

**«ФРИДОМ БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ЖИНАҚ ДЕПОЗИТТЕРІ БОЙЫНША
«ТРАНЗАКЦИЯСЫ БАР САЛЫМ – CASHBACK АЛ» АРНАЙЫ ҰСЫНЫСЫН
ЖҮРГІЗУ ШАРТТАРЫ**

1. АРНАЙЫ ҰСЫНЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ

1.1. «Транзакциясы бар салымы – Cashback ал» арнайы ұсынысының (бұдан әрі – арнайы ұсыныс) ұйымдастырушысы «Фридом Банк Қазақстан» АҚ (бұдан әрі – Банк) болып табылады.

1.3. Арнайы ұсыныс Банктің SuperApp мобильді қолданбасы (бұдан әрі – Банктің МҚ) арқылы 6 айдан астам мерзімге теңгемен жаңа «Капитал» және «Стратегия» жинақ депозиттерін (бұдан әрі – Депозит) ашқаны және депозит ашылғаннан кейін арнайы ұсыныс кезеңі барысында төлем картасымен 100 теңгеден басталатын сомаға транзакция жасағаны үшін CASHBACK (бұдан әрі – CASHBACK) түріндегі табысты төлеуді көздейді.

1.4. Осы Арнайы ұсынысты жүргізу шарттарының шеңберінде Cashback атауы ретінде – АҚ «Фридом Банк Қазақстан» ниеттестік бағдарламасының қағидаларына сәйкес негізгі Cashback беру талаптарына кірмейтін және Клиент АҚ «Фридом Банк Қазақстан» ниеттестік бағдарламасының қағидаларында көзделген талаптар мен тәртіппен жұмсауы мүмкін, Арнайы ұсыныс шеңберінде Банк Клиентке бірінші транзакциядан кейін есептейтін және теңгеде немесе Freedom Инвестициялық валютасының баламасында көрсетілетін біржолғы кэшбэк танылады/белгіленеді.

2. АРНАЙЫ ҰСЫНЫСТЫҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ МЕН ШАРТТАРЫ

2.1. Арнайы ұсыныстың қатысушылары – Арнайы ұсыныс іске қосылған күнге сәйкес жеке тұлғаларға арналған кез келген валютадағы кез келген қолданыстағы (Deposit Card/Super Card/Araldy Saqta/Turan Zholbarysy қоспағанда) депозиттері жоқ, Арнайы ұсынысты өткізу кезеңінде Банктің МҚ арқылы депозит ашқан және Депозит ашылғаннан кейін арнайы ұсыныс кезеңі барысында 100 теңгеден басталатын сомаға транзакция¹ жүргізген және осыдан кейін кепілдендірілген CASHBACK алатын ҚР азаматтары болып табылатын жеке тұлғалар.

CASHBACK алудың талаптары:

2.2. CASHBACK алу үшін Депозит ашудың ең төмен сомасы = 500 000 теңге;

2.3. CASHBACK мөлшері депозитке салынған бастапқы сомаға байланысты анықталады:

- 500 000 теңгеден (қоса алғанда) 1 000 000 теңгеге дейін - 5 000 теңге беріледі;
- 1 000 001 теңгеден (қоса алғанда) 1 500 000 теңгеге дейін - 10 000 теңге беріледі;
- 1 500 001 теңге (қоса алғанда) және одан жоғары – 20 000 теңге беріледі.

2.4. CASHBACK сомасы арнайы ұсыныс жүргізу кезеңінде Депозит ашылғаннан кейін Депозитке салынған бастапқы сомаға және кез келген сомаға жасалған транзакцияға байланысты ғана айқындалады.

2.5. Арнайы ұсыныс бойынша кепілдендірілген CASHBACK-тен басқа, Клиент АҚ «Фридом Банк Қазақстан» ниеттестік бағдарламасының қағидаларына сәйкес cashback алады, бұл ретте

¹ Транзакция – Сауда/сервис кәсіпорнынан немесе серіктестен тауар сатып алу үшін Банктің Төлем картасын немесе оның деректемелерін пайдалана отырып, Карта ұстаушы жасаған операция. Транзакцияларға ақша аудару операциялары, сондай-ақ тізбесі АҚ «Фридом Банк Қазақстан» НИЕТТЕСТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫНА №1 қосымшада белгіленетін өзге де операциялар жатпайды.

- Клиент арнайы ұсыныс шарттарына қоса аталған қағидалардың талаптарын да орындауы тиіс.
- 2.6. Банк Cash BACK есептелген транзакцияның (Тауарды қайтару, санкцияланбаған операцияны жүргізу және т. б.) күшін жою жағдайларын қоса алғанда, бұл туралы МҚ арқылы клиентке хабарлай отырып, ұсынылған, бірақ іске қосылмаған CASHBACK-ті кері қайтарып алуға құқылы.
 - 2.7. Арнайы ұсынысқа қатысатын өнім түрлері – 6 айдан астам мерзімге теңгемен ашылған, толықтыруға құқығы бар және толықтыру құқығы жоқ «Капитал» және «Стратегия» жинақ депозиттері;
 - 2.8. Арнайы ұсынысқа Банктің жұмыскерлері мен Банкпен ерекше қатынастармен байланысты адамдар қатыспайды;
 - 2.9. Арнайы ұсынысқа арнайы ұсыныс іске қосылған күнге сәйкес кез келген валютадағы кез келген қолданыстағы (Deposit Card/Super Card/Araldy Saqta/Turan Zholbarysy қоспағанда) депозиттері жоқ клиенттер қатысады;
 - 2.10. Deposit Card/Super Card/Araldy Saqta/Turan Zholbarysy ұстаушылары Арнайы ұсынысқа қатыса алады.
 - 2.11. CASHBACK арнайы ұсынысты өткізу кезеңінде Банктің МҚ арқылы жинақ депозиттерін ашу және тиісті депозит ашылғаннан кейін транзакция жасау талаптары орындалған жағдайда ғана беріледі;
 - 2.12. Клиент CASHBACK алған болса, арнайы ұсынысқа қайта қатысуға жол берілмейді.

3. АРНАЙЫ ҰСЫНЫСТЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ МЕН ОРНЫ

- 3.1. Арнайы ұсыныс іске қосылған сәттен бастап 2026 жылдың 30 маусымын қоса алғанда жарамды (бұдан әрі – арнайы ұсынысты өткізу кезеңі).
- 3.2. Арнайы ұсынысты өткізу орны (аумағы) – Қазақстан Республикасының аумағында .

4. АРНАЙЫ ҰСЫНЫСҚА ҚАТЫСУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

4.1. Арнайы ұсынысқа қатысу үшін Для участия в специальном предложении необходимо:

4.1.1. теңгемен көрсетілген сомаға Депозит ашу және осы шарттардың 2 тарауында көрсетілген талаптарға сәйкес арнайы ұсыныс жүргізу кезеңінде транзакция жасау қажет;

4.1.2. CASHBACK төлемі осы шарттардың 2 тарауында көрсетілген талаптарға сәйкес тиісті депозит ашылғаннан кейін арнайы ұсыныс жүргізу кезеңінде транзакция жасалған кезде автоматты түрде жүргізілетін болады.

5. CASHBACK ІСЕПТЕУ ТӘРТІБІ МЕН КЛИЕНТТЕРДІҢ ОНЫ АЛУ МЕРЗІМДЕРІ

5.1. Cashback есептеу және есепке қосу осы шарттардың 2-тарауында көрсетілген талаптарға сәйкес тиісті Депозит ашылғаннан кейін транзакция жасалған операциялық күні жүргізіледі.

5.2. Депозит мерзімінен бұрын жабылған жағдайда Банк жабылатын өнімнің құнынан төленген Cashback сомасын алмайды.

6. ШАҒЫМДАРДЫ ҚАРАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

6.1. Арнайы ұсыныс қатысушылары арнайы ұсынысты өткізуді ұйымдастыруға байланысты шағымдарын salem@freedombank.kz мекенжайына немесе +7 776 1 595 595 және 595 нөмірлері бойынша ақпараттық желі телефондары арқылы жолдай алады.

6.2. Банк арнайы ұсынысқа қатысушылардың шағымдарына қатысты осындай ұсыныстарды алғаннан кейін күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей шешім шығарады.

7. ӨЗГЕ ШАРТТАР

7.1. Арнайы ұсынысқа қатысу фактісі қатысушының осы шарттармен толық танысқанын және онымен келісетінін растайды.

7.2. Банк кез келген уақытта арнайы ұсыныстың күшін жоюға немесе мерзімін ұзартуға, жүлде қорының мөлшері мен құрамын өзгертуге, сондай-ақ осы шарттарды өзі қалағандай өзгертуге құқылы. Банк қатысушылардың назарына Банктің МҚ арқылы арнайы ұсыныс шарттарының өзгеруі туралы ақпаратты уақтылы жеткізеді.

7.3. Банк арнайы ұсынысқа қатысушыларды хабардар ету жүргізілетін ұялы байланыс операторларының жұмысы, ұялы байланыстың кез келген қателіктері, Интернет желісінің жұмысындағы іркілістер үшін жауап бермейді.